



ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. XXI ҒАСЫРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ

Педагогиканы қайта ойластыруға
кіріспе



Біз білім беру үдерісін сандық жүйеге көшіру тақырыбын талқылаймыз. Өйткені XXI ғасыр – бұл әлемдік қоғамдастықты белсенді ақпараттандыру ғасыры. Жақында ғана халықты жаппай компьютерлендіру білім берудің негізгі міндеті болған еді. Міне педагогикалық қоғамдастықтың алдында жаңа – оқу әрекетін сандық жүйеге көшіру міндеті қойылды.

Осы орайда бізге сұранысқа бағытталған «Сандық жүйеге көшіру дәуірінде педагогиканы қайта ойластыру. XXI ғасырдағы жобалық оқыту» атты ғылыми-педагогикалық басылым көмек.

Бұл кітап тәуелсіз кеңесші, электрондық оқыту саласындағы зерттеуші және автор, Ұлыбританияның жоғары білім беру саласында кеңесші болып қызмет атқаратын Хелен Беетам сынды беделді ғалымдар редакциясымен шығарылған. Бұл оқулық Ұлыбританияда және одан тысқарыда да электрондық оқытуды, оқу бағдарламасын, білім беру қорларының ашықтығы мен тәжірибесін дайындау бойынша жетекші рөл атқарады.

Рона Шарп – Ұлыбританияда Оксфорд Брукс Университетінде персоналды оқыту бойынша Оксфордтық орталық жетекшісі. Ұлыбританияда электрондық оқыту бойынша көптеген маңызды жобалардың жетекшісі болған.

Бұл кітапта әртүрлі пәннің тақырыптық зерттеуі иллюстрацияланып, практик-педагогтар мен зерттеушілерді құралдар және ресурстармен қамтамасыз етеді.

«Сандық ғасыр үшін педагогиканы қайта ойластыру» кітабы XXI ғасырдағы жобалық оқытуда маңызды нұсқау болып табылады. Сандық технологияның үлкен мүмкіндіктеріне қарамастан, авторлардың пікірінше, оларды белсенді қолдануда педагогикалық кадрлардың әлсіздігі, олардың сандық инновацияны білім беру үдерісіне интеграциялауға қабілетсіздігі кедергі болып тұр. Сондықтан кәсіби білім беру ұйымдары басшылығының басты міндеті педагогикалық кадрлардың ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласын игеру бойынша біліктілігін арттыру болып отыр.

«Сандық жүйеге көшіру дәуірінде педагогиканы қайта ойластыру» кітабында білім алушыға бағдарланған оқу әрекеті мен білім беру іс-әрекетінің қол жетімділігін жан-жақты жобалаудың перспективасы талқыланады.

Осы кітапта қарастырылғандар:

- жобалаудың тәжірибедегі шынайылығы: мүмкіндігі мен қаупі;
- білім беру субъектілерінің ерекшелігі ретінде күрделі жүйе шеңберінде жобалауды талдау, нарық сұранысы;
- ашық қорлардың жобалауға әсері;
- мобилді оқытуды әзірлеу үшін жобалау;
- топтық курстарды практикалық әзірлеу;
- өмір бойы оқыту үшін жобалау сценарийі.

Педагогиканы қайта ойластыруға кіріспе

Педагогика деген не?

«Педагогика» ұғымы ғылыми ортада, әсіресе дәстүрлі білім беру саласында сынға алынған. Мұндағы көптеген идеялары мен тәжірибесі білім берудің классикалық тұғырынан бастау алады.

«Педагогика» ұғымы ежелгі гректің «paidagogos» сөзінен шығып, баланы жетектеу, яғни баланы мектепке жетектеп апаратын құл деген мағынаны білдірген.

Дегенмен білім беру әрекеті белсенді дамиды тұлғаны қалыптастыруға бағытталғандықтан, қазіргі уақытта бұл ұғым тәжірибеде өзекті жойылған. Ғалымдар педагогиканың «өнер немесе оқыту жөніндегі ғылым» деген дағдылы анықтама беріп, мазмұнында оқыту үдерісіне ерекше назар аударылады. Олардың ойынша оқушыға бағдарланған ортада, оқыту басты назарда болмауы тиіс.

Біздің алдымен бұл кітаптағы «педагогика» ұғымын таңдауымыздың себептерінің бірі осы дебаттар мен қиындықтар мәні болып табылады.

Біріншіден, балалармен (пайда) этимологиялық байланысына қарамастан, бұл ұғымның



заманауи қолданылуы оқытуды басқару немесе алғашқы мағыналық мәнін сақтай отырып, тек балаларға айрықша сүйенуін жоғалтты. Оқыту бүкіл өмір бойы жоба ретінде көбірек қарастырылғандықтан, жоғарыда айтылған «өнер немесе ғылым» байланыстаға басқару іс-әрекетінің саласын кеңейтіп, мектеп шеңберінен шығып, үлкендерге білім беруге бағдарлануы тиіс. Сондықтан адамдардың мектеп қабырғасында қалай оқығаны және өз оқуын қалай басқарғаны маңызды емес.

Екіншіден, «педагогика» сөзі оқыту мен оқудың арасындағы маңызды диалогты қамтиды. Бұл білім беру дискурсы контекстінде ерекше маңызды, осы екі ұғым шиеленістік және тіпті бір-біріне қарсы жағдайда да қолданыла беретін болды. Ерекше жағдайда «Оқыту» ұғымы оқытудың белсенді табиғатын және тұлғаның бірегей мүмкіндіктері мен қабілетін мойындамай қарастырылады. Біз осындай ақиқат қарама-қайшылықты қалай түсінуіміз/түсіндіруіміз керек?

Өткен ғасырда Батыстың бірқатар ойшыл-ғалымдары «Оқыту» ұғымын педагогиканың басты мәселесі ретінде жете ұғындыруға талпынды, мазмұнына, яғни не үшін оқытқанына айқын көңіл бөлмеді, бұл пайдасыз қатаң қысымға алып келді, нәтижесінде «қажеті жоқ» дағдылар қалыптасты. Осылардың бәрі оқушылардың жеке дара қабілеттері мен қажеттіліктеріне жаңа мән берді. Көп уақыт оқыту үдерісінде оқушылар оқытудың объектісі болды, яғни ол білім мен дағдыны пассивті қабылдаушылар/алушылар ғана емес оқыту үдерісіне белсенді қатысушылар ретінде қарастырылды. Когнитивті ғылым салалары және психология сияқты ғылымдар, осы үдерістің қалай жүретінін түсінуге мүмкіндік береді.

Адамның тұлғалық дамуы оқыту – тәрбиелеу үдерісінде ескеруге қажетті жастық және дара ерекшеліктерінің белгісін көрсетеді. Адамның іс-әрекет сипаты, оның ойлау ерекшеліктері, сұраныстар шеңбері, сондай-ақ әлеуметтік көрінісі жас ерекшелігіне байланысты және әрбір жастық дамуына өзіндік мүмкіндіктер мен шектеулер тән.

Сонымен қатар, әлеуметтанушы зерттеушілер оқыту үдерісінде адамдардың өзара әрекеттестігіне әлеуметтік және мәдени жағдайлардың ықпалын көрсетті. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, білім алушыларға білім беру тәжірибесін қалыптастыратын білім кеңістігін құру қажет. Осы өзгерістер оқу дискурсында «оқыту» мен «білім беру» ұғымдарының арасындағы артықшылық белгілерін нақталаудың тәсілдерінің бірі болып табады.

Бұл кітапта біз «педагогика» ұғымын басқарудың алғашқы – оқу, үйрену мағынасында қолданамыз: оқыту контекстіндегі оқу, үйрену және оқыту, оның мақсаты ретінде қарастырылады. Біз оқытудағы басқа үдерістерді басқару бұл адамның белсенді іс-әрекетін талап ететін бірегей, өнерлі, шығармашыл, өзі білімпаздыққа және тәжірибенің көптүрлілігіне ие үрдіс деп есептейміз.

Бұл кітапта біз «оқыту» және «оқу, үйрену» ұғымдарын қолданудан қорықпаймыз, адамдар білімді ортаның көмегімен, әлеуметтік өзара әрекеттестігімен «табиғи» үйренетінін ғана емес, олардың айналасында қалыптасқан білім беру институттары мен тәжірибе арқылы үйренетінін мойындаймыз. Шын мәнінде, бұл екі әрекет арасындағы диалог біз «педагогика» деп атайтынның негізіне алынып, тіпті оқытудың жауап бермейтін немесе жазалау формасын, теріс ассоциацияның үстемдігімен оқыту идеясын қайтаруға көмектеседі.

Бүгінгі таңда оқыту үдерісі кең ауқымды, сан алуан бағдарлама мен оқулықтың «білім беру бағыттарының» түрлерімен сипатталады. Оны тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімнен өз оқушыларының танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәндік оқыту жүйесін (өз мектебінде) дербес құрастыруы, оқыту әдістемесі икемді саралап дайындау (әрбір жеке сыныпқа) қабілеттері талап етіледі. Сондықтан оқыту үдерісін дербес жобалаудың және оны жүзеге асырудың жалпы тұғырларын, әсіресе, технологиялық тұғырды меңгеруге бағдарланған педагогтың әдістемелік дайындық деңгейі қажет.

Жоғарыдағыларды ескере отырып, біз сандық дәуірде педагогиканың «қайтадан жасалуы» және «жете ұғынылуы» тиіс екендігін мойындауымыз керек. Бұл кітапта біз бір-біріне сәйкес өзара әрекеттесетін теориялық дәлелдер мен нақты мысалдарды сақтауға тырыстық. Біздің теорияларымыздың тәжірибеде негізделуіне, оқушылардың үйренуіне мүмкіндік беретін идеяларды ұсыну үшін көптеген инновациялық тұғырды меңгерген шығармашыл оқытушылар қатыстырылды. Сонымен осы екі іс-әрекет түрінің – іс-әрекет пен ойлауды бір-бірінен оқшаулауда нәтижесі болмайтынын ерекше атап көрсетуге болады.



Сандық ғасыр

Интернет адамдардың ақпарат және білім алуына, олардың хабарласуына қолжетімділік, мемлекеттік басқару мен бизнес жүргізуді іске асыру тәсілдерін өзгертуде. Сандық байланыс денсаулық сақтау, білім беру, коммуникация, демалыс, сондай-ақ өмір мен тұрмыс жағдайы саласында үлкен мүмкіндіктердің көзін ашуда. Жасанды интеллектіні дамыту, 3D-принтерлер, голографияны пайдаланумен көңіл көтеру, лездік транскрипциялау, дауыс пен ым-ишараны тану бағдарламасы – бұл біздің технология уақытындағы тестіленген кейбір мысалдар ғана.

Сандық технология – күнделікті өмір немесе халықаралық қатынастар, жұмыс немесе демалыс біздің жеке және қоғамдық өмірімізге көп жақтарына өзгеріс енгізе отырып, адамның іс-әрекетін жаңартады.

Заманауи қоғамның ақпарат, коммуникация, кәсіп және басқа да саласындағы ғаламдық өзгерістер білім берудің мазмұндық, әдістемелік, технологиялық аспектілеріне түзету енгізуді, бұрынғы құндылық басымдықтарды, мақсатты ұстанымдар мен педагогикалық құралдарды қайта қарауды талап етеді. Өткен ғасырдағы сынып-сабақтық жүйе технологиясы жас ұрпаққа жаппай білім, біліктілікті қалыптастыруда тиімді болып келді. Егер өткен ғасырдағы оқыту өнер мен ғылымды жете ұғыну үшін көп нәрсе берсе, онда неге педагогиканы қайтадан ұғыну қажет?

Папирус пен қағаз, бор мен мөр, проекциялық аппараттар, үйрететін ойыншықтар мен теледидар және тіпті жазудың базалық технологиялары бір кездері инновация болды. Желілік сандық компьютерлер және олардың заманауи мобильді және сымсыз аналогтары адамзаттың тапқырлығының соңғы нәтижелері ғана болып табылады. Бірақ технология оқытудың тиімді тәжірибесін құру үшін ресурс болуы тиіс деген сірә дәлел болуы мүмкін. Сандық ақпарат пен коммуникация дәуірінде педагогиканы жете ұғынуда, біз қандай да бір жаңа жақтарын немесе пән саласын анықтауға емес, пәннің барлығын жаңашыл қайта тұжырымдауға талпыныс жасаймыз. Сандық өзгерістермен «Әдеттегідей жұмыс жасау» принципінің қауіптілігі – олар өзінің тиімділігін дәлелдегенде – сандық технология норманы бұзу, жорамалмен келіспеу, инновацияны пәнге және мамандыққа ендіру деп бағалап, оқытудың мүлде жаңа формасын жаңарту емес, бар тәжірибені қайтадан қарастыруымызбен сипатталады.

Сонымен, сандық технологиялар оқыту мен білім беру үшін жаңа болмысын қалай жасайды? Техникалық прогресті салыстырмалы сәйкестендіру оңай. Ұлыбританиядағы интернетке қолжетімділігінің көрсеткіштері: үй шаруашылығының 77% интернетке қолжетімді, бірақ ұялы телефоннан Интернетке қолжетімділік режимі пайдаланушылар шаққанда 45% ғана құрайды. 16-дан 24-ке дейінгі топтарда әлеуметтік желі онлайн режимдегі негізгі іс-әрекет болып табылады. Жеке веб-парақша, блоктар, подкаст пен вики – ақпаратты құруды демократияландырады; әлеуметтік бағдарламалық қамтамасыздандыру қажетті ақпаратты анықтайтын және алмасатын онлайн қауымдастыққа қатысуға мүмкіндік береді. Тұлға есептеу бағдарламаларына тіпті бес жыл бұрын шектелген мамандандырылған мекемелерде жеке қосымша арқылы қолжеткізе алады.

Жеке мобильді және сымсыз құрылғы ғаламдық компьютерлік желіге ақпараттық қызметтерге орналасқан орнына қарамастан сымсыз қамтамасыз ету үшін кіріктіріледі. Бір кездері бағаланған және басымды болған білім мен дағды қайда, әлемдегі білім берудің мақсаттары қандай, өзгерді ме? Батыс мемлекеттерде жұмыс сипаты, қоғам танымастай өзгерді, ал оқу орындары еңбек нарығын ескеріп, өзгереді. Көптеген жұмыс орындарында АКТ пайдаланудың кеңейтілген деңгейі тұрақты негізгі білімді меңгеруді емес, сауаттылық пен біліктіліктің жаңа формаларын, бейімделу біліктілігін, тиімді коммуникацияны меңгеруін талап етеді, бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері қайтадан жасалады. Еңбек нарығын икемділік пен дағдыны талап еткендіктен, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құзыреттілікті үнемі жаңарту моделі айналасына қайта ұйымдастырылды – бүкіл өмір бойы оқу, басқаша айтқанда, үздіксіз кәсіби дамыту.

Технология сонымен бірге білім беру ұйымдарына да тереңірек әсер етті. Мектептер мен колледждер ғаламдық желіге біріктірілді, сондықтан институционалдық және тіпті ұлттық шекара жойылды. Университеттер арасындағы жоғары академиялық ұтқырлық, бір ЖОО-ны аясындағы стандарттық оқытуға қарағанда, электрондық портфолио, электрондық оқу бағдарламалары – осының барлығы сандық технологияның көлемінде іске асырылуын талап етеді.



Соңында білім алушылардың өздері де өзгереді. Әлемдегі жас адамдардың көпшілігі Интернет мүмкіндігін белсенді қолданады. Ақпарат алмасудың жаңа формалары біртіндеп оқу үдерісіне орныға бастады. Шын мәнінде, оқу бағдарламалары жобаларындағы өзгертулер оқушыларға өзіндік технологияны таңдауға мүмкіндік бере отырып, үлкен прогреске қол жеткізуге болатынын көрсетеді.

Онлайндық білім беру қызметтерінің нарығы тұрақты өсуде. Мысалы, Эль Пасодағы (АҚШ) Техас университеті мұғалімдерін дайындау факультетінде негізгі оқу курстарының 50% онлайн-форматта жүргізіледі.

Жетекші университеттерде онлайн-қызметті кеңейту мақсатында онлайн-курстарды дайындауға және өткізуге қолдау көрсетуде арнайы бағдарламаларға бастамашылық етуде, сонымен бірге онлайндық оқыту жүйесі үшін жаңа құралдарды дамытуда бұқаралық ашық арақашықтық курстар консорциумы – МОДК (MOOC = massiv eopenonline courses, напр., Coursera, Udacity, edX) құрылады.

Қорыта келгенде, білім беру саласындағы сандық дәуірмен туындаған келесі ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады:

1. Білім кез келген мемлекеттің ірі материалдық емес активі, яғни оны қалыптастыру мен қаржыландыру максималды басқарылатын болуы тиіс.

2. Желілік қоғамның сандық технологиясы мен телекоммуникациясын дамыту адамның тұлғалық даму үдерісін, білімді жасақтау, оны игерту және бекіту тәсілдерін өзгертеді. Сондықтан білім желілік қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруы, сондай-ақ желілік болуы тиіс.

3. Сандық технологиялар трансұлтты және трансмәдениетті, жалпыға қолжетімді және салыстырмалы арзан, ол кез келген білімді жалпы қолжетімді етеді.

4. Білім берудегі инновацияның елеулі бөлігі бүгінде білім – технологиялық стартап арқылы іске асырылуда. Ресми емес білім беру жүйесінің нәтижесінде білім беру қызметін қорсетудің жылдам өсетін нарығы туындауда, ол қысқа мерзімде дәстүрлі білім беру жүйесін қолдану саласын тарылтып, тұтынушылардың қалыптасқан және тез өзгертін сұранысы мен қажеттіліктеріне жауап беретін жаңа білім беру стандарттарын құруға алып келеді.

5. Ауыспалы экономиканы дамыту динамикасы, технологияның тез алмасуы жаңа құзыреттілікті және дайындықты талап етеді.